



Көкпекті ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 61 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 сәуірде № 4928 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 187 қаулысы.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 24.04.2024 № 187 қаулысымен (алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 25-бабының, 14-бабының 3-тармағының 3-1) тармақшасына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар багажды тасымалдау қағидаларына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкпекті ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сай бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

Е. Калдыбаев

Көкпекті ауданы әкімдігінің
"09" наурыздағы 2017 жылғы
№ 61 қаулысына № 1 қосымша

Көкпекті ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

№	Тура бағыт	Кері бағыт
1	<p>Көкпекті ауданы Көкжайық ауылдық округінің Ақ-ой ауылының "Пушкин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p> <p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Көкжайық ауылдық округінің Ақ-ой елді мекені</p>	<p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Көкжайық ауылдық округінің Қарамойыл елді мекені</p> <p>Аялдама:Көкпекті ауданы Көкжайық ауылдық округінің Ақ-ой ауылының "Пушкин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p>
2	<p>Көкпекті ауданы Тассай ауылдық округінің Тассай ауылының "Әуезов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p> <p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Тассай ауылдық округінің Аөксу елді мекені.</p> <p>Аялдама:Көкпекті ауданы, Тассай ауылдық округінің Үшкөмей елді мекені.</p>	<p>Аялдама:</p> <p>Көкпекті ауданы, Тассай ауылдық округінің Аөксу елді мекені.</p> <p>Аялдама:Көкпекті ауданы, Тассай ауылдық округінің Үшкөмей елді мекені.</p> <p>Көкпекті ауданы Тассай ауылдық округінің Тассай ауылының "Әуезов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p>
3	<p>Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылдық округінің Үлкенбөкен ауылының "Үлкенбөкен мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p> <p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Үлкенбөкен ауылдық округінің Жансары елді мекені.</p> <p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Үлкенбөкен ауылдық округінің Қарамойыл елді мекені.</p>	<p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Үлкенбөкен ауылдық округінің Жансары елді мекені.</p> <p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Үлкенбөкен ауылдық округінің Қарамойыл елді мекені.</p> <p>Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылдық округінің Үлкенбөкен ауылының "Үлкенбөкен мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p>
4	<p>Көкпекті ауданы Белое ауылдық округінің Белое ауылының " Октябрь мектеп-балабақша кешені " коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p> <p>Аялдама: Көкпекті ауданы Белое ауылдық округінің Жаңажол елді мекені.</p>	<p>Аялдама: Көкпекті ауданы Белое ауылдық округінің Жаңажол елді мекені.</p> <p>Көкпекті ауданы Белое ауылдық округінің Белое ауылының " Октябрь мектеп-балабақша кешені " коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p>
5	<p>Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Көкпекті ауылының "Көкпекті орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.</p>	<p>Аялдама: Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылының Заречный елді мекені .</p> <p>Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Көкпекті ауылының "Көкпекті орта мектебі"</p>

	Аялдама: Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылының Заречный елді мекені	" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
6	Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Көкпекті ауылының "Шажүнісов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылының Заречный елді мекені .	Аялдама: Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылының Заречный елді мекені . Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Көкпекті ауылының "Шайжүнісов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
7	Көкпекті ауданы, Самар ауылдық округінің Самар ауылының " Самар бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы, Самар ауылдық округінің Самар елді мекені.	Аялдама: Көкпекті ауданы, Самар ауылдық округінің Самар елді мекені. Көкпекті ауданы, Самар ауылдық округінің Самар ауылының " Самар бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
8	Көкпекті ауданы Шұғылбай ауылдық округінің Шұғылбай ауылының "І.Жансүгіров атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы, Шұғылбай ауылдық округінің Мелитополь елді мекені .	Аялдама: Көкпекті ауданы, Шұғылбай ауылдық округінің Мелитополь елді мекені. Көкпекті ауданы Шұғылбай ауылдық округінің Шұғылбай ауылының "І.Жансүгіров атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
9	Көкпекті ауданы Палатцы ауылдық округінің Палатцы ауылының "Палатцы негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы Палатцы ауылдық округінің Песчанка елді мекені.	Аялдама: Көкпекті ауданы Палатцы ауылдық округінің Песчанка елді мекені. Көкпекті ауданы Палатцы ауылдық округінің Палатцы ауылының "Палатцы негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң
10	Көкпекті ауданы Теректі ауылдық округінің Теректі ауылының " Аухадиев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы Теректі ауылдық округінің Өрнек елді мекені. Аялдама: Көкпекті ауданы	Аялдама: Көкпекті ауданы Теректі ауылдық округінің Өрнек елді мекені. Аялдама: Көкпекті ауданы Теректі ауылдық округінің Қызыл жұлдыз елді мекені. Көкпекті ауданы Теректі ауылдық округінің Теректі ауылының " Аухадиев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік

	Теректі ауылдық округінің Қызыл жұлдыз елді мекені.	мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
11	Көкпекті ауданы Преображенка ауылдық округінің Преображенка ауылының "Преображенка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы Преображенка ауылдық округінің Черноярка елді мекені. Аялдама: Көкпекті ауданы Преображенка ауылдық округінің Үкілі қыз елді мекені.	Аялдама: Көкпекті ауданы Преображенка ауылдық округінің Черноярка елді мекені. Аялдама: Көкпекті ауданы Преображенка ауылдық округінің Үкілі қыз елді мекені. Көкпекті ауданы Преображенка ауылдық округінің Преображенка ауылының "Преображенка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
12	Көкпекті ауданы Сарыбел ауылдық округінің Сарыбел ауылының "Новотимощеевка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы Сарыбел ауылдық округінің Новостройка елді мекені.	Аялдама: Көкпекті ауданы Сарыбел ауылдық округінің Новостройка елді мекені. Көкпекті ауданы Сарыбел ауылдық округінің Сарыбел ауылының "Новотимощеевка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
13	Көкпекті ауданы Үлгілі-малшы ауылдық округінің Үлгілі малшы ауылының "Абай атындағы мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы Үлгілі малшы ауылдық округінің Сүлеймен елді мекені. Аялдама: Көкпекті ауданы Үлгілі малшы ауылдық округінің Нұра елді мекені.	Аялдама: Көкпекті ауданы Үлгілі малшы ауылдық округінің Сүлеймен елді мекені. Аялдама: Көкпекті ауданы Үлгілі малшы ауылдық округінің Нұра елді мекені. Көкпекті ауданы Үлгілі-малшы ауылдық округінің Үлгілі малшы ауылының "Абай атындағы мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
14	Көкпекті ауданы Мариногорка ауылдық округінің Мариногорка ауылының "Мариногорка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы Мариногорка ауылдық округінің Московка елді мекені.	Аялдама: Көкпекті ауданы Мариногорка ауылдық округінің Московка елді мекені. Көкпекті ауданы Мариногорка ауылдық округінің Мариногорка ауылының "Мариногорка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
15	Көкпекті ауданы Самар ауылдық округінің Пантелеймоновка ауылының "Пантелеймоновка негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.	Аялдама: Көкпекті ауданы Самар ауылдық округінің Қайыңды елді мекені. Көкпекті ауданы Самар ауылдық округінің Пантелеймоновка ауылының "Пантелеймоновка

	Аялдама: Көкпекті ауданы Самар ауылдық округінің Қайыңды елді мекені.	негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.
16	Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Толағай ауылының "Куйбышев атындағы негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң. Аялдама: Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылдық округінің Ақтас елді мекені.	Аялдама: Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылдық округінің Ақтас елді мекені. Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Толағай ауылының "Куйбышев атындағы негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алдындағы алаң.

Көкпекті ауданы әкімдігі
"09" наурыздағы 2017 жылғы
№ 61 қаулысына № 2 қосымша

Көкпекті ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Балаларды тасымалдау тәртібі

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) жолаушылар мен жүкті тасымалдауға заңнаманың талаптарын сақтаумен өзіне тиесілі автобустарды, шағын автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.

3. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру маршрутын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар реттеледі.

4. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталуға тиіс.

5. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген тану белгісі орнатылуға тиіс.

6. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.

7. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші

кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

8. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

9. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

10. Балаларды тасымалдау мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және жол қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

11. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді

:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

12. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

13. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

14. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

15. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

16. Балаларды автобуска отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

17. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;

5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;

6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;

7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;

8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;

9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға;

11) шылым шегуге, сіріңке, оттық жағуға;

12) спирттік ішімдіктерді ішуіне, есірткі, психотропты және улы заттарды қабылдауына жол бермейді.

18. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

19. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

20. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;

2) баспалдақтардан секіруіне;

3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;

4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

21. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығуға;

2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүру;

3) түсіру орнынан жаяу жүрген кезде олардың Жол жүру ережесімен жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Қорытынды ережелер

22. Қаланың шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК